



**Мадиев Азамат,
Райымбек батыр атындағы № 50
«Қазғарыш» мектеп-лицейінің 11 сынып оқушысы**

Тәуелсіздікке қол жеткізу арқылы қазақ халқы ғасырлар бойы армандаған «мәңгілік ел» орнату туралы ұлы мұратын ақиқатқа айналдырып, төрт құбыласы тең, шекарасы айқындалған, қазығы берік толыққанды мемлекет қалыптастырды. Бұл халықтың өршіл рухы мен өшпес жігерінің жеңісі. Қазақ халқы дербес мемлекет құрудың сан ғасырлық сатысынан өтті. Ұлы даланы дүбірлеткен, алып қағанаттардың сан ғасырлық мемлекеттілік қағидаттары мен елдің ұстанымдары бізге мұра болып қалды. үгінде Алтай мен Атырау, Сыр мен Тобыл арасындағы кең-байтақ даламызда орныққан мемлекет-сол дәстүрлердің заңды мұрагері. Астана — Қазақстанның ел ордасы, тәуелсіз мемлекетіміздің астанасы, еліміздің жүрегі. Астананың ауысуы — тарихқа алтын әріппен жазылатын үлкен тарихи оқиға. Астана біз үшін Қазақстанның жаңа айнасы іспетті. Астана — бүкіл еуразиялық тоғыз жолдың торабы.

Астана — болашаққа баспалдақ болуымен бірге, жаңа табыстарымыздың бастауы. Астананың келбеті күн сайын өзгеріп отырады.

Көзі қарақты, зердесі ояу кез келген жан Астананы аралай жүріп, оның ғимараттарындағы архитектуралық өрелудің еуразиялық дәстүрлер негізіндегі шығыстық тағаннан тамыр тартқан египеттік қарапайымдылықты да, грекиялық сұлулық пен таңдай қақтырар көне александриялық және византиялық жайылма күмбездік шешімдерді де, римдік аркаларды да байқар еді. Астананың архитектурасындағы бұл қайталанбас өзіндік кескіндер оның ХХІ ғасыр қаласы және әлем қаласы деген аттарына әбден сай. Бүгінгі Астанамыздың мақтанышы - бір-біріне ұқсамайтын, зәуір көкке мойын созған зәулім ғимараттар ғана емес, солармен қатар жайқалып келе жатқан жасыл желегі, кілемдей гүлзарлары. Жыл асқан сайын елорданың гүлзарлары мен гүлтөсемдері түрленіп, Арқаның желімен мың құбылып тұрады. Елорданың көгал, гүл алаңдарының басқа қалалардан артықшылығы — көк майсамен көмкерілген мүсіндері. Піл, керік, керуен тартқан түйелер, орталық стадионның алдындағы футбол добы, гүл сағат, сол жағалаудағы киіз үйдің жанында сүйгенін алыс жолға шығарып салып тұрған қалыңдықты көргенде арбалып, алыс кете алмайсың. «Бәйтеректің» жанында «жайылып жүрген» тауыс құсты көргеніңіз бар ма? Көкмайсамен көмкерілген құстың тұрқы, әр алуан гүлмен созылған құйрық күлтесі қандай әдемі! Жоғарыдан қарағанда, желмен тербелген гүл тауыс құстың табиғи ұлпасындай үпелек қағады. «Бәйтерек» діңімен бірге көтеріліп бара жатқанда көңілің қоса

[Введите текст]

самғайды. Еліміздің бас қаласының оңтүстік-батысындағы аспан аясына қол созған биіктігі 24 метрлік алтын түстес “Астана жұлдызы” стелласының ұшар биігіндегі “Жел бәйшешегі” жұлдызы мен көкке атылған қанатты пырақтарға әуежайдан келе жатқан қонақтар көз салмай өтпейді. Осы бір ескерткіш қазақ елінің жаңа ғасырдағы қуатын, қадірін, асыл мақсаттарын танытып тұрғандай әсерге бөлейді.

Сөз жоқ, бас қаламыздың бойындағы жасампаздық қайнар халықтық қасиеттерімізден және де тұңғыш Президентіміздің қажырлы қайраткерлігінен күш алуда. Аңғара алған адамға қиынның қиыны-халық қалаулысы бола білу. Себебі, қалаулысын қалың ел өзі таңдап алады. Ендеше, халықтың шынайы сүйіспеншілігіне бөлену дегеніміз-«жүзден-жүйрік, мыңнан-тұлпар» атанып тарих тұғырында тұрып қала білген ілуде біреудің ғана маңдайына жазылған тағдыр. Абырой-беделіне дақ түспеген ондай дара тұлғалардың саусақпен санарлықтай екенін өз өткенімізден айқын білеміз. Сонымен қатар, оның бейне-болмысын қолынан келген өнерінің арқауына айналдырып жатқандар да жетерлік. Олардың бірі - Елбасына жыр, екіншісі күй арнаса, үшіншісі сурет салып, әнге қосуда. «Өнер алды-қызыл тіл» дейтін халықпыз, сондықтан мен де Тынышбай Рақымның «Қазақ туралы толғауы» ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевқа арналған өлең жолдарын президент туралы өз шығармамда келтіргім келеді.

...Құлыптаулы сыры ашылды бәрінің,
Кілттеулі болып келген әлі күн...
Ақ тілеумен күткен еді бұл қазақ,
Елдің жүгін көтеретін НАР ҰЛЫН!

НҰР-күндей боп шықты есімі шырқауға,
Ерік тиіп, тұлпарға да, сұңқарға.
Ел - басшысыз, Ер - қосшысыз болмаған,
Айналды Ол нағыз әділ СҰЛТАНҒА!

Жер-жаһанның түпкіріне салынды із,
Біз Қазақпыз - Ұлтпыз, Елміз, Қауымбыз.
Бүгін жұмыр жұдырықтай жұмылып,
Бүтінделе бастаған бір БАУЫРМЫЗ!

Егеменбіз, Еріктіміз, Азатпыз,
Елдігімен, Теңдігімен ғажаппыз.
Өз еркіне қолы жетіп, БҰҰ-да
Тұңғыш рет сөйлеп тұрған ҚАЗАҚПЫЗ!

«Баланы - жастан...» санайтын халқымыз нәресте дүниеге келісімен, бірден тәлім-тәрбиеге кіріседі. Содан жаппай жағдай жасауға жұмылады. Өйткені бала кезінде бұлықпай, бұла боп, бойына бар ізгілікті сіңіріп өссін дейді. Бұл-Азамат атанудың алғышарты. Елбасымыз егеменді еліміздің жас жеткіншегін қорғауға,

жан-жақты жағдай жасауға әрқашан айрықша көңіл бөліп келеді. Ол 1994 жылы Нью-Йорк қаласындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының штаб-пәтерінде «Балалар құқығы туралы» халықаралық Конвенцияға Қазақстан Республикасының атынан қол қойған еді. Әлемдік зор маңызы бар бұл құжатқа қол қою бүлдіршіндер мүддесін қорғауға бағытталған басты бағдар болды. Қазақстан тәуелсіздігін алған сәттен бастап өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға нақты үлесін қосып келеді. Егемен Қазақстанның алғашқы қадамдары-Семей полигонының жабылуы мен ядролық қарудан бас тартуы-жаһандық саясаттағы іс-қимылдың жаңа «моральдық стандартына» негіз болды. Республиканың барлық сыртқы саяси бастамалары—Тәуелсіз мемлекеттер достығы, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары, әлем діндерінің съезі және т.б. бастамалар-Қазақстанды әлемге тек нарықтық экономика орнатушы ел ретінде ғана емес, этносаралық негіздері сілкіністерден аман шыққан елдердің бірі ретінде танытып отыр.

Ұлы Абай да кезінде: «Бай болғың келсе-өнерге үйрен» деген. Оның сөздері, менің пікірімше, қазіргі білім беру стратегиясының идеологиясын дәл көрсетеді. Бүгінгі ұрпақтың заңғар мұраты-тарих төрінен тиесілі орын алған, өзгелермен терезесі тең, өркениетті, өміршең ел-Қазақстанның мызғымас тұғырын қалыптастыру. Біз қазір сол игілікті қоғамның лайықты іргетасын қалау үшін еңбек етудеміз. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың “Бүгінгі күн — талантты, жігерлі, өзіне сенетін адамдардың, арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік-жігері бар адамдардың уақыты. Туған елдеріңді әлемдегі өркениетті мемлекеттердің қатарында тұрып, олармен терезесі тең, керегесі кең етіп өркендете біліңдер. Ол үшін терең әрі жан-жақты білім иесі болу — міндет,” — деген сөздерін әрбір оқушыға берілген тапсырма, болашаққа сеніп тапсырылған міндет деп түсінемін.

«Қазақстан-2030»-бағытымыз,
Саясатпен жақындап алысымыз.
Республикам елдердің алды болып,
Әрқашан алға бассын бар ісіміз.
Көпшілігім кемімей толсын деймін,
Елімнің басына бақ қонсын деймін.
Келешекте Қазақстан Республикасы-
Орталық Азия барысы болсын деймін.

«Қазақстан-2030» стратегиясында Елбасы біздің ұрпақтарымыз жұрттың көлеңкесінен шығатын елде тұратын болады, деген еді. Міне, сол күн жақындап келеді. 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына атқарғалы отырған төрағалық міндет-осының бір айғағы. «Бұл Қазақстанның көпұлтты халқының жеңісі, қазақтардың ұлы жетістігі», - деп санайды Н.Ә. Назарбаев. Бұл-еліміздің ішкі саясатының орнықтылығына, мемлекеттің ашықтығына, оның экономикалық қуаты мен демократиялық дамуына берілген жоғары баға. «Қазақстандық төрағалықтың ұраны төрт «Т»- «траст»(сенім), «традишин»(дәстүр), «транспаренси» (транспаренттік) және « толерант»

[Введите текст]

(төзімділік) болады,- дейді Н.Ә. Назарбаев,-**Біріншісі**- бір-бірімізге деген бізге аса қажетті сенімді білдіреді.

Екіншісі-ЕҚЫҰ-ның негізгі қағидаттары мен құндылықтарынан тұрады.

Үшіншісі - халықаралық қарым-қатынастарда «қосарланған стандарт» пен «жіктеу шектерінен» азат,барынша ашықтық пен транспаренттік. Қауіпсіздікке төнетін қауіп пен қатерлерді еңсеруде сындарлы ынтымақтастыққа ұмтылу.

Ал, **төртіншісі** - бүгінгі әлемде барған сайын маңызы артып отырған мәдениеттер арасындағы диалогты нығайту жөніндегі жаһандық трендтің көрініс табуы.

Жас та жасампаз мемлекетіміздің гүлденуіне,кемелденуі мен өркендеуіне келешекке батыл баруына өзінің күш-жігерін,маңдай терін аямай төгіп,халқына қызмет еткен мұндай марқасқа азаматтың тарих алдында да ,ұлт алдында да, әлем жұртшылығы алдында да жүзі ашық.

Біздің еліміз татулығының, ауызбіршілігі - бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарғандығының арқасында қаймағы бұзылмай отырған ел.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының дара саясатының жемісі екенінде дау жоқ. Мен Президентіміз туралы шығармамды сөз патшасы-өлеңмен аяқтағым келіп отыр:

Бақытқа бастап халқыңды,
Сыпайы санап салтыңды,
Қазақтың ұлы Нұрсұлтан
Жаһанға жайдың атыңды!